

«Елбасы медалі» - жастарды кешенді дамытуға бағытталған ұлттық деңгейдегі жалғыз бағдарлама. Бағдарлама 7 негізгі бағыттан тұрады: спорт, дарын мен дағды, кітап оқу, ұлттық мұра, волонтерлік, экспедициялар мен жорықтар, еңбек практикасы. Бағдарлама 14 пен 29 жас аралығындағы жастарға арналған жобаға Э-242топ студенті Тұрарбек Мадина Муслимқызы қола медаль иегері атанды.



Орал қаласының барлық ЖОО және АОО студенттері арасындағы «ORAL JASTARY» фестиваліне «Садақ ату» бойынша КАЗИИТУ-ң Э-141 тобының студенті Зайнуллина Фатима 2-орын иеленді.





13-қараша күн Валюта күніне орай «Қаржы әлеміне саяхат» атты интеллектуалдық ойын ұйымдастырылды. Мақсаты: Студенттерді валюта және қаржылық жүйелер туралы білімдерін тексеріп, экономикалық және қаржылық сауаттылықты арттыру.

Командалар:


1. «Қаржы қырандары» - «Техникалық пәндер» кафедрасы
2. Big4 «Экономика және менеджмент» кафедрасы
3. «Тенге» командасы – ««Экология және тіршілік қауіпсіздігі» кафедрасы
4. «Юридический Альянс» - Құқықтану кафедрасы

Қатысқандар: кафедраның ПОҚ, Университеттің вице-президенті Каирлиева Гаухар Ермеккалиевна

«Азия Сервис Уральск» ЖШС ІС кеңесші маманы - Ханатов Талғат Сансызбаевич  
Умирзаков Кенжегерей Умирзакович – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, жоғарғы аттестация комиссиясының доценті қазылық етті.



Сонымен қатар, Бабыс Қазақстан облысының Ұлттық Банкі басқармасының қолма-қол ақшамен жұмыс және кассалық операциялар бөлімінің басшысы Еркебулан Орынбасарұлы Аханов «Ұлттық валюта дизайнының өзгеруі/ Изменение дизайна национальной валюты» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Соңғы жылы теңге купюрында өзгерістер енгізіліп, айналысқа жаңадан 5000,10000,20000 шығып жатыр.




29-қараша күні Университетіміздің "Экономика және менеджмент" бөлімінің бітірушісі Макисов Ж.К. қазір координатор Maker Space Oral келіп 1-3 курс студенттерімен кездесу ұйымдастырды. Шара барысында студенттерді АҚШ –тың түрлі курстарына шақырды. Мекен жайы Х.Есенжанұлы атындағы кітапханада орналасқан. Білім алушылар өз

еріктерімен бос уақыттарын тиімді өткізуге болады. Осы бағдарлама арқылы болашақта шетелге оқуға мүмкіншілік ала алады.





Кафедраның ғылыми семинардың жоспарына сай 19.12.2024ж кафедра оқытушылары Кваде Е.А.Сәлімгерейұлы Б.Казиева А.Е.Куанышева А.Г. «Инфраструктурные аспекты развития и экологизации экономических систем» тақырыбында баяндама дайындады.



**23 желтоқсан күні** К.Ө Өмірзақов ; С.К.Серикбаев; А.Е.Қазиева «Кәсіпорын экономикасы» оқу құралы және . К.Ө Өмірзақов ; С.К.Серикбаев: М,Ә. Мекин; С.Т Исағалиев басылымнан басылып шықты. Презентациясы өтті.



**29-қаңтар 2025жылы** Университетте әлеуметтік серіктестермен кездесу ұйымдастырылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауында Техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керек. Сұранысқа ие болып отырған және жоғары білікті мамандардың тапшылығын азайту қажет.- делінген.



Бізге бұл өз кезегімізді БББ өзгерістер енгізіп, микробіліктіліктерді жасақтау қажеттілігін туғызады. Микробіліктіліктер университеттер мен студенттер үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, еңбек нарығының қажеттіліктеріне икемді түрде жауап беруге, студенттердің кәсіби өсуіне бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.



"Ю. А. Гагарин атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университеті" ФЕДЕРАЛДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІК БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ "Экономика және маркетинг" кафедрасы ұйымдастырған ЭКОНОМИКА БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ОЛИМПИАДАҒА қатысып, жүлделі екінші орын алған УА-242 тобының 2 курс білім алушысы Исалиева Мәдинаны (жетекшісі э.ғ.м., академиялық доцент Кажгалиева С.О.), М-242 тобының 2 курс білім алушысы Құралбекқызы Жаснұрды (жетекшісі э.ғ.м., аға оқытушы Қазиева А.Е.), жүлделі үшінші орын алған Ф-241 тобының 2 курс білім алушысы Батталов Чингиз (жетекшісі э.ғ.м., академиялық доцент Кваде Е.Н) дипломмен марапатталды.

27-ақпан күні «Атамекен» туризм орталығында таза ауада WINTER FEST 2025 қызықты қысқы ойындар ұйымдастырылды.



8-наурыз мерекесіне орай кафедра мүшелері алғыс хаттармен марапатталды.



Университет қабырғасында Өз-Наурыз мерекесі тойланды. Кафедра мүшелері белсенді ат салысып, ұлы мереке атап өтілді.





Кафедрамыздың оқытушылары Г.Б.Кауиева; Н.А.Стороженко ректордың атынан марапатқа ие болды.



Кафедрамыздағы 1-сәуір қауымдастырылған профессор, экономика доценті, а.ш.ғ.к Өмірзақов Кенжегерей Өмірзақұлының **70-жас** мерейлі жасына арналған «Кенжегерей Умирзаковичтің ұстаздық жолы» атты шара өткізілді. Еңбектерінен кітап көрме жасақталды. Алғыс хатпен марапатталып, шәкірттері мен әріптестернің жылы лебіздері тыңдалды. Шәкірттері құттықтау видеоролик жолдады. Жаңа кітабының тұсау кесері өтті. Жоғары дейгейде өтті деп бағаланды.





Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті 2025 жылдың 11-12 сәуірінде Ғарыш күні мен Қазақстан Республикасының Ғылым қызметкерлері күніне арналған «Инженерлік ғылым, цифрлық қоғам және жасанды интеллект: дамудың жаңа мүмкіндіктері мен перспективалары» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.

Конференция Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялануына орай өткізілді. 4-секция. «Цифрлық экономика, инновациялық технологиялар және жасанды интеллект: дамудың жаңа бағыттары мен экономикалық стратегиялар»



17-сәуірден бастап 710 аудиторияда өндірістік тәжірибеден өтіп келген білім алушылардың күнделік есептерін қорғау жұмыстары өткізілді.





13-мамыр 2025жылы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Нұржанұлы Отарбаевтың жоғары білім саласы өкілдерімен кездесуі өтті. Мәлік Отарбаев кездесуде Ұлттық құрылтайдың IV отырысындағы тапсырмаларды жүзеге асыру жөніндегі маңызды тақырыптар аясында сөз өрбітті. Президент кеңесшісі Жолдауда еліміздің азаматтарының дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және басқа да себептерге байланысты ешкімге ешқандай қысым жасалмайтындығы айтылғанын жеткізді.

Сонымен қатар бұл бағытта да құзырлы органдар тиісті жұмыстарын атқарып жатқандығын еске салды. Бұдан бөлек жаңа қоғамға сай білім-біліктілігін арттыру мәселесін талқылады.

2025 жылдың 19 қыркүйегінде Арқанды саябақта Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің оқытушылары мен білім алушыларына арналған «Денсаулық күні» шарасы өтті. Шараға «Экономика және менеджмент» кафедрасының оқытушылары мен білім алушылары белсенді қатысты.



Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің "Экономика және менеджмент" кафедрасының білім алушылары Республика күніне орай шағын видео түсірілді <https://www.instagram.com/reel/DOJMY2TjUp6/?igsh=MXU1cXlteTVwM3ZwOA==>



20-қараша «ҚазИИТУ» ғылыми-білім кешені студенттерінің арасында «Халықаралық студенттер күніне» орай спорттық жарыс өткізілді. Осы жарысқа «Экономика және бизнес» білім беру бағдарламасының 2 курс білім алушысы Тәженова Айдана волейболға қатысып, үздік ойыншы атанды.



«АМАНАТ» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасының аралық қорытындысын шығарды. Биыл Университетіміздің «Экономика және менеджмент» кафедрасында 1-курс студенттері курстан өтіп, 15оқушы сертификаттарын алды. Қаржылық сауатын арттырып, оқыту курсынан өтті.



Университетімізде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік жобасы аясында отырыс өтті .



Бухгалтерлер күні 6 қазан күні аталған университетте 04.10.2024ж «Бухгалтерлік есеп және аудит» ББ бағдарламасында аталып өткен болатын. Аталған мерекеге байланысты «Экономика және менеджмент» кафедрасының 1 курс білім алушылары арасында кураторы «Біз есепшіміз» атты кураторлық сағат өткізді.



25-қазан «Республика күніне» орай 24 қазан күні Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің "Экономика және менеджмент" кафедрасының 1 курс студенттерінің ұйымдастыруымен Республика күніне орай "Қазақстан – бірлік пен татулық елі", «Казахстан- страна единства и мира» «Kazakhstan is a country of unity and peace» атты үш тілде ашық кураторлық сағат өтті. Жауаптылар: э.ғ.м., академиялық доцент Кайрлиева Жанар Каировна және э.ғ.м., аға оқытушы Қазиева Ардақ Ергенқызы. Кураторлық сағат барысында студенттер еліміздің басты нышандарын айтып, ел туралы өлеңдерін оқыды, өз өнерлерін көрсетті. Кураторлық сағатты "Экономика және менеджмент" кафедрасының меңгерушісі э.ғ.м., аға оқытушы Исағалиев Сакен Талгатович ашып, барлық қатысушыларды ұлттық мереке- Республика күнімен құттықтады. Ашық кураторлық сағатқа қатысқан кафедра оқытушылары э.ғ.м., академиялық доцент Кваде Екатерина Анатольевна және э.ғ.м., академиялық доцент Кажғалиева Самал Орынбасаровна өз ойларымен бөлісті.





Қазан айы — қарт адамдарды әлеуметтік қолдау айлығы. 31.10.2024ж "Экономика және менеджмент" кафедрасының 1 курс кураторлары Кайрлиева Жанар Каировна мен Қазиева Ардақ Ергенқызы 1 курс студенттерімен бірге жұмыс жасап жүрген қала тұрғындарына ыстық бәліш пен ыстық шай таратты. Халқымыздың «Қариясы бар елдің қазынасы бар» деген киелі сөз бар. Еліміздің басына төнген ауыр қасіреттерді бастан өткеріп, сол қиын-қыстау күндері туған халқының қасынан табыла білген, бүгінгі жарқын өміріміздің қалыптасуына зор еңбек сіңірген біздің аға ұрпақ өкілдері қарияларымыз бүгінде қоғамның дамуына белсене араласып, еліміздің іргетасын нығайтуға және жас ұрпақтың тәрбиесіне өз үлестерін қосып келеді. Қарт адамдарды ыстық ықыласқа, мейірімділік пен көмекке бөлеп жүре берейік! Үлкендеріміз аман болсын!





14 желтоқсан күні ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған «Мемлекеттік қызмет және жергілікті басқару» 342 топ кураторы А.Е.Казиева білім алушыларымен «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты ашық сабақ өткізді. Сонымен қатар "Бухгалтерлік есеп және аудит" 241 тобында топ кураторы В.А.Михаиленко "Независимый Казахстан и его место в современном мире" атты ашық сабақ өткізді. Сабаққа білім алушылар белсене қатысып, әр білім алушы дайындаған баяндамаларын оқыды. Ашық сабаққа экономика факультетінің барлық білім алушылары қатысты.



«Ұлттық валюта» күніне орай өткізілген шара бойынша 13 қараша күні ҚР Ұлттық банкінің Батыс Қазақстан филиалының «Қолма-қол ақшамен жұмыс және кассалық операциялар бөлімінің» бастығы Аханов Еркебулан Орынбасарович «Экономика және менеджмент» кафедрасының профессорлық-оқытушылар

құрамына және білім алушыларына «Ұлттық валюта дизайнының өзгеруі» тақырыбы бойынша дәріс оқыды.



Тәуелсіздік күніне орай, 2024 жылдың 12 желтоқсанында 1 курс білім алушыларына "Тәуелсіздік-тұғырым" атты ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатына "Экономика және менеджмент" кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушылары қатысты. Тәрбие сағатында 1 курс білім алушылары еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап алған жетістіктерін көрсетті.





1 курс білім алушыларына «Діни экстремизм» туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «Үздікке үстемдік операциясы» деп аталатын шағын видео көрсетілді.



23 сәуір «Ұлттық кітап» күніне орай 1 курс білім алушыларына кітапханада кітаптар көрмесі көрсетілді, студенттер өздері қызығып оқитын ақын-жазушылардың өлеңдерін оқып, әлемдік классиктердің еңбектерін таныстырды.

